

## ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Акдәулетова Әсел Тимурқызы

[asel\\_96\\_94@mail.ru](mailto:asel_96_94@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Психология» мамандығының 2 курс магистранты.  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.К. Айкинбаева

Әскери қызметкерлердің әскери-жауынгерлік ортаға келгендегі алғашқы бейімделу кезеңінің сәтті өтуі қызметкерлердің міндеттер мен тапсырмаларды сәтті орындауының, адекватты жүріс-тұрысты анықтаушы психикалық жағдайдың қалыпты болуының, ішкі психологиялық қолайлылық пен қоршаған ортамен, ұжыммен, қызмет жағдайларындағы әлеуметтік тиімді байланыстарды орнатудың кепілі екендігі айқын. Нақтырақ айтқанда әскери қызметтің сәтті өтуі тұлғаның қызмет жағдайына тұрақты бейімделуі. Дегенмен көптеген ғалымдардың тәжірибелік зерттеулерінен көретініміз қазіргі кезде әскери қызметкерлердің әскери-жауынгерлік ортаға бейімделуін болжау мен қамтамасыз ету әскери психологтар тарапынан толық жүзеге асып жатқан жоқ. Әскери қызметкерлер еліміздің қорғаушысы, отан үшін еңбек етуші азаматтар болғандықтан, еліміздің қауіпсіздігінің кепілі дәл осы қызмет өкілдері болғандықтан әскерлердің әскери-жауынгерлік ортаға дұрыс бейімделуі, әскери қызметтің сәтті өтуі, әскерлердің өз міндеттерін дұрыс өтей білуі біз үшін өте маңызды, сонымен қатар әскери қызметкерлер экстремалды жағдайларды, психологиялық қысымда қызмет атқаратындықтан, оларға психологиялық қолдау көрсету, сүйемелдеу жұмыстарын жасау, олардың әскери ортаға бейімделуі өзекті мәселе.

Бейімделу мәселесін Ф.Б.Березин, А.А.Налчаджян, А.Г.Маклаков қарастырса, ал бейімделудің әлеуметтік-психологиялық қырларын А.А.Налчаджян, Н.И.Сарджвеладзе, Ф.Б.Березин, О.И.Зотова, В.П.Каширина қарастырған. Әскери қызметкерлердің бейімделу мәселесін түрлі уақыттардағы әскери психологтар Н.И.Феденко, Ж.Г.Сенокосов және т.б қарастырған. Ғылыми еңбектерді талдай отырып біз психология ғылымында бұл мәселеге жоғары қызығушылықтың болып, көп зерттелгендігіне қарамастан «бейімделу» мәселесі толық қарастырылып, зерттелген мәселелердің қатарына жатқызуға болмайтынын, әлі де бұл ұзақ уақыттық еңбек пен ізденісті талап ететін мәселе екенін көре аламыз.

Әскери қызметкерлер еліміздің қорғаушысы, отан үшін еңбек етуші азаматтар болғандықтан, еліміздің қауіпсіздігінің кепілі дәл осы қызмет өкілдері болғандықтан бейбіт кезеңде әскери қызметке жаңадан келген жас жауынгерлердің әскери-жауынгерлік ортаға дұрыс бейімделуі, әскери қызметтің сәтті өтуі, әскерлердің өз міндеттерін дұрыс өтей білуі бүгінгі таңда да өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек.

Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы Конституциясымен қаралған, құнды мұраттар мен өнегеден туындайтын әскерилердің қауіпті жағдайда, жоғары күш-қуат және психологиялық жүктемелердің әскери уақыттағы сияқты бейбіт кезеңде басқаруға берілген міндеттердің орындалуына бағытталған қару мен әскери техниканы саналы түрде қолдану.

Әскери қызметке алғаш келгендегі бейімделу кезеңіне, жас жауынгерлердің қызметке дайындық дәрежесі мен тұлғалық сапалары жоғары әсер етеді. Бейбіт кезеңдегі жедел әскери қызмет үшін ең негізгісі: әскери қызметтің ережелері мен қатаң тәртібіне, тапсырмалар мен шарттарға, әскери әдістер мен амалдарды меңгерудегі жағдайға бейімделудің жоғары болуы.

Әрбір адам әскери қызметті бастай отырып, жаңа күнтізбеге, күннің жаңа ретіне бейімделіп, әскери өмір дағдыларын, әскери білімді, қарым-қатынаста әскери элементтерді пайдалана алуы маңызды. Мұның барлығы жаңа келген жауынгерден, психикалық жағдайын және жүріс-тұрысын қайта қалыптастыруды талап етеді.

Жас жауынгерлердің әскери өмірге бейімделуі алғашқы айларда әртүрлі жүреді. Бейбіт кезеңдегі әскери қызметтің ұзақтылығы мен ерекшелігіне байланысты барлық жауынгерлерді төрт топқа жіктеуге болады. Ол үшін сарбаздардың бейімделуі ішкі және сыртқы өлшемдері бойынша бағаланады. Зерттелушілер өздерінің эмоционалдық жағдайларына, Спилбергтің тесті (әскери жағдайындағы қобалжу) бойынша, семантикалық дифференциал бойынша (әскердегі жас жауынгер жағдайы, оның әскери әріптестерімен қарым-қатынасы, қоршаған адамдардың ізгі ниеттері, әскери жағдайды жалпы бағалау), Люшер тесті бойынша, әскер жағдайының жарамдылық деңгейіне сәйкес баға береді; сыртқы өлшемдері бойынша бағалаған [1].

М.И.Дьянченко, Л.А.Кандыбович жас жауынгерлердің бейімделуі үдерісіне бақылау, мінездеме жазу, әңгімелесу, іс-әрекет нәтижелерін салыстыру әдістерінің көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Жауынгерлердің бейімделуі үдерісінде қиындықтарды сәтті жеңіп өтуге негізделген психологиялық, адамгершілікті және физикалық сапалардың кемелденуі нәтижесінде әскери өмірдің психикалық және физикалық қысымдарына бейімделе алған.

Жас жауынгерлердің сапқа сәтті кіруінде шешуші орынды олардың (жас жауынгерлердің) мотивтері мен жүріс-тұрысы атқарады. Командир әскерлердің қоғам үшін маңызын, әскери қызметтің мәні мен мазмұнын, әскери қызметке деген сұранысты, әскери өмір талаптарын түсіндіріп, әскерлерді гуманистік басқару арқылы бейімделу үдерісін жағымды болуын қамтамасыз ете алған. Жас жауынгердің сапқа ену уақыты олардың мінезі мен темпераментіне байланысты. Күшті мінезі бен темпераментке ие адам, ашық, қарым-қатынасшыл, қиындықтарды қалыпты қабылдай алатын, әрқашан оқу мен қызметте барлық талаптарды орындай алады. Әдетте мұндай жас жауынгерлерге командирлер белгілі бір міндеттерді сеніп тапсырады. Ал, егер адамда әлсіз мінез типінде болса, яғни меланхоликалық темперамент, шешім шығара алмаушылық, тұйықтық болғандықтан оған барлығы қиын көрінуі және жетістікке жету мүмкін еместей болып байқалуы аңғарылады.

Тәжірибелік іс-әрекетте меңгеру керек болған маңызды өмірлік, кәсіби тәжірибелердің болғанын есепке алу маңызды. Мысалы, әскерге келмей жатып арнайы қатаң күн тәртібі мен өмір сүрген жас жауынгерлер тез үйренеді. Мұнда жастардың әскери өмірге дейінгі дайындығы жайлы айтылып отыр. Әскери өмірге дейінгі дайындықтың болуы жас жауынгерлердің бейімделуі үдерісін жеңілдетеді.

Сапқа кіру әскерлердің ұйымдасып әрекет етуін, ұжымдағы жағымды моралді-психологиялық ахуалдың қалыптасуын, достық, әріптестік қарым-қатынастың орнауын жылдамдатады. Егер ұжымның жаңа мүшесі қоғамдық реттілік пен тәртіпке жағымсыз қатынас негізінде пайда болған микро топтарға ығыстырылған болса, бейімделу үдерісі баяулайды. Мұндай жағдайда ұжымның әсер ету күші мен микро топ лидерінің жалған беделін жою қажеттігі туындайды. Әскери қызмет көрсеткіштерінің талдамы бойынша, әртүрлі жалпы білім дәрежесімен, физикалық көрсеткіштерімен, қызығушылықтармен әскери дайындықта жоғары дәрежедегі көрсеткішке ие болады, бұл жетістік әскери қызметтің қиын жағдайларына адамдардың түрлі жеке дара сапалары мен дайындық дәрежелері бойынша бейімделуіне мүмкіндік береді.

Бейімделудің сәтті өтуі және тұрақты болуы үшін, бейімделуге кері әсер ететін түрлі қиындықтарды әсіресе психикалық қысымды жеңу үшін тәжірибелік әрекеттердің жиынтығы қажет. Егер адам өзіне деген сенімділікті сезінсе, ол осындай жағдаймен соқтығысатынын алдын ала білсе, бұл жағдай осыған дейін оның әріптестерінің біреуінің басынан өткен болса және осыған дейін ол осындай қиындықтардан өту жолдарынан хабардар болса теріс әсерлердің күші болмайды. Психикалық қысымның жағымсыз салдарлары белгілі бір

дәрежеде ұжымның еңбек әрекетінің нәтижелілігіне, ұжымның әрбір мүшесінің көңіл күйіне өзінің теріс әсерін тигізеді.

Бейімделу үдерісінде маңызды орынды мамандарды дұрыс бағдарлауға, өздерінің жүріс-тұрысын басқара білуге, түрлі кедергілер мен тығырықтардан өтудің конструктивті шығу жолдарын үйрету мақсатында жүргізілетін ұжыммен жасалатын жаттығу, тренинг жұмыстары орын алады.

Қорыта келгенде, әскери жағдайға бейімделу үдерісінің барысы жауынгерлердің жеке дара ерекшеліктерімен, әскери жағдайдағы міндеттерді орындауға психологиялық дайындық дәрежесімен, командир тарапынан ұйымдастырылып өткізілген тәрбие, оқу жұмыстарымен анықталады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Москаленко М.Л. Бейімделу военнотружущих срочной службы к условиям армии. Тезисы Международной межвузовской научно-практической студенческой конференции «Психология XXI века» / Под ред. А.А.Крылова. – СПб.: Издательство С.-Петербургского университета, 1999. – 196 с.
2. Дьяченко, М.И., Военная психология и педагогика / М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович. – Минск.: Академиздат 2009. – 243 с.
3. Военная психология: Учебник для вузов / Под ред. А. Г. Маклакова. – СПб.: Питер, 2015. – 464 с.
4. Основы военной психологии и педагогики: Учеб. Пособие. - 2-е изд, перераб. – М.: Воениздат 1981. – 366 с.,
5. Корчемный, П. А. Военная психология. – Москва : Изд-во ОВЛ, 2005. – 317 с.
6. Калиев А.К. Инновации военного образования (на материалах Высшего военного училища внутренних войск Министерства внутренних дел Республики Казахстан): дисс. ... канд.пед.наук., 20.01.04 – Алматы, 2006. – 162с.